

Аудандық мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 19 ақпандағы № 181 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 6 наурызда № 7582 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабы 2-тармағына, 2016 жылғы 29 тамыздағы "Құқықтық мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 486 қаулысына сәйкес Ұзынкөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Ұзынкөл аудандық мәслихаты шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

А. Нуржанова

Аудандық мәслихаттың хатшысы

А. Бараншина

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Ұзынкөл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі басшысы

_____ Д. Бектабанов

КЕЛІСІЛДІ

"Ұзынкөл ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Е. Муржакупов

Мәслихаттың
2018 жылғы 19 ақпандағы
№ 181 шешіміне қосымша

Ұзынкөл аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Мәслихаттың 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 442 "Бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-19-168 болып тіркелген, 2012 жылғы 16 ақпанда " Нұрлы Жол" газетінде жарияланған).

2. Мәслихаттың 2015 жылғы 23 қарашадағы № 369 "Мәслихаттың 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 442 "Бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6041 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 желтоқсанда " Нұрлы Жол" газетінде жарияланған).

3. Мәслихаттың 2015 жылғы 20 наурыздағы № 274 "Жер салығының базалық салық мөлшерлемелерін түзету туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5535 болып тіркелген, 2015 жылғы 4 мамырда "Әділет " ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

4. Мәслихаттың 2016 жылғы 14 қазандағы № 41 "Мәслихаттың 2015 жылғы 20 наурыздағы № 274 "Жер салығының базалық салық мөлшерлемелерін түзету туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6706 болып тіркелген, 2016 жылғы 22 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).